



Сингапурдың қаржы жүйесі

- **Сингапур Республикасы** — экватордан 137 км солтүстікте, Малайзияның Жохор облысының оңтүстігінде, Индонезияның Рияу аралының солтүстігінде орналасқан қала-мемлекет, арал-ел.
- Сингапур атағы малай тілінің *синга* — "арыстан" және санскрит тіліндегі *пура* — "қала" деген сөздерінен құралған.

Осыдан қырық жыл бұрын Сингапур өз тәуелсіздігін алған кезде, жан басына шаққанда 200 долларға жетпес табысы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі еді. Бүгінгі таңда сингапурлықтардың жан басына шаққанда 20 мың доллардан асатын табысы бар. Өзінің халқы, этникалық құрамы жөнінен және басқа да «көптеген» параметрлері бойынша бізге ұқсас ел, Малайзия да 20 жылға жетпейтін уақыт ішінде өз азаматтарының өмір сүру деңгейін 10 есе арттыруға қол жеткізді. Осындай табыстарының нәтижесінде бұл елдер күллі әлемде Азия Жолбарыстары ретінде танылып отыр.

**Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына
Жолдауынан**

Мемлекеттік құрылымы

Ресми тілдері	ағылшын тілі қытай тілі малай тілі тамил тілі
Елорда	Сингапур
Жер аумағы <ul style="list-style-type: none">• Барлығы• % су беті	714,3 км ² 1,444
Жұрты <ul style="list-style-type: none">• Сарап 2009• Тығыздығы	4 987 600 адам (114) 7200 адам/км ²
Валютасы	Singapore dollar

Үкіметі

Сингапур вестминстерлік жүйе

бойынша уникамералдық парла-менттік республика болып саналады. Сингапур заң жүйесі өз бастауын ағылшын заң жүйесінен алады, бірақ өз ішкі ерекшеліктеріне сәйкес модификациялануы бар, мысалы қазылар алқасы немесе төрешіні алып тастауы сияқты. Халықтық Қимыл Партиясы (PAP) жетістікке және меритократияға деген ұраныменен, білімділігімен (education in Singapore - education system), біліктілігімен әрі мемлекеттік қызметтегі тәжірибелілігі арқылы өте беделді

Бүгінде Сингапур жылына 162 млрд. доллардың шамасында ЖІӨ өндіріп, оны жан басына шаққандағы (51649 \$) мөлшері жөнінен Еуропаның дамыған елдерінде басып озып, дүние жүзінде төртінші орынды иемденеді. Ал, алтын қоры жөнінен Жапония мен Қытайды ғана алға жібереді. Ақпараттық технологияның дамуы да ғаламат, Дания мен Швециядан кейінгі үшінші орында. Сондай-ақ, әлемнің ең бір ірі қаржы орталығы ретінде АҚШ пен Англияны қосқанда алғашқы үштікке кіреді.



1959 жылы Британияның құрамында өзін-өзі басқару құқығын жеңіп алған Сингапурлықтар сайлауда жеңіп шыққан «Халықтық іс-қимыл» партиясының жетекшісі, 36 жастағы адвокат Ли Куан Ю-ді елдің премьер-министрі етіп сайлады. Сингапурды Малайзия федерациясының құрамынан бөліп алды. Елдің шаруашылығын басқаруда, экономикада, меншіктің түрі жөнінен батыстың әдіс-тәсілін пайдаланды. Сонымен бірге өз тарапынан батыл қадам жасап, сырттан инвестиция мен капиталды көбірек тарту үшін салық пен сауда-саттық алымдарын төмендетті. Бизнесінің дамуына қолайлы климат жасады. Елдің экономикалық даму стратегиясы етіп Сингапурды Оңтүстік Шығыс Азиядағы сауда-саттық пен қаржы-қаражаттың орталығына айналдыру, мейілінше сырттан инвестицияны көбірек тарту бағытын таңдап алды.

Жалпы Сингапурдың экономикалық-әлеуметтік дамуының «сырына» үніліп, оның себебін ашуға ұмтылған мақалалар мен зерттеулер жетерлік. Бірақ, ол жазбалардың қай-қайсы да мына төмендегі бес факторды айырықша атап өтеді:

- қатаң мемлекеттік басқару ісі;

— көп жылдық макроэкономикалық тұрақтылық;

— мемлекеттің жүргізген ұтымды әлеуметтік саясаты;

— елдегі саяси тұрақтылық;

— қолайлы халықаралық жағдай.

1.Қатан мемлекеттік басқару. Әрбір іс-әрекет мемлекеттің жіті бақылауында болғандықтан мұның нәтижесі экономикада алғашқы кезден-ақ байқалып, қарқынды дамудың негізі қаланды. Өздерінде мұнай көзі болмаса да дереу мұнай өңдеу ісін дамыту қолға алынды. Оған қажетті шикізат көршілес Индонезиядан тасымалданды. Өйткені, ол елде мұнай өңдеудің сапасы төмен болатын. Осылайша су көліктеріне сапалы жанармай сатудың нәтижесінде Сингапур Батыс пен Шығыстың теңіз жолындағы маңызды айлаққа айналды. Қосымша мол қаражат жұмсалып, қолайлы контейнерлік терминалдар салынды. Бұл айлақтың транзиттік мүмкіндігін ұлғайтып, жүктердің тасымалын шапшаңдатты. Бұған қоса, жергілікті өнеркісіптің әлемдік рыноктарға тауарлар шығуына және сырттан арзан шикізаттар әкелуіне мүмкіндіктер тудырды. Сөйтіп, экономиканың жаңа тармақ-буындары пайда болып, тізбек-желі ұзара түсті.

Кешегі жетпісінші жылдардың аяғында Сингапур электроника тауарларын шығару жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орындардың біріне шықты. Алайда бұл салада Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттері арасында бәскелестік қарқын алып, жұмыс күші арзан елдер ғана пайда таба алатын болып қалды. Сондықтан да Сингапур ендігі жерде биотехнология мен дәрі-дәрмек шығару саласына бет бұрды. Адам үшін зәру мәселе





2. Сингапурдегі макроэкономикалық тұрақтылық. Әуелден-ақ бұл елде бизнес үшін барынша ашық ойын ережелері белгіленді. Сондықтан мүмкіндігінше шетелдік компанияларды өндіріс орындарын ашып, жұмыс істеуге шақыру және сырттан инвестиция тарту ісіне көп көңіл бөлінді.

3. Мемлекеттің әлеуметтік дана

саясаты. Мұнда сингапурлықтар үшін мүмкін деген әлеуметтік жеңілдіктер мен қамқорлықтардың бәрі қарастырылған. Ақысыз білім алу мен дәрігерлік көмек, қол жетімді баспана, жас жұбайларға жәрдем, студенттерге бонус, жұмыс істейтін балалы әйелдерге субсидия т.б. деген сияқты.

Білім беру саласы бойынша Азиядағы ең үздік ел болып танылған.

Сингапурдың ұлттық университеті білім беру сапасы жөнінен әлемдегі ЖОО арасында 33 орынды иемденеді.



Парақорлықтың жолын кесу мақсатында мемлекеттік қызметшілер мен судьяларға өте жоғары жалақы төленеді. Олардың жалақысы бірнеше мыңнан миллионға дейін өсірілген. Елдің премьер-министрі жылдық жалақысы 3 млн доллар. Бұл бүкіл әлемдегі ең көп

4. Елдегі саяси тұрақтылық. Сингапурдың саяси үлгісінде либерализм, социализм және авторитаризм үйлесім тауып, ұштасып жатқандай.

- Елдегі барлық БАҚ құралдары ұлттық екі компанияға бағындырылған;
- Парламентте жартылай партиялық жүйе қалыптасқан. «Халықтық іс-қимыл» партиясы жетекші билікке ие болғанымен оппозициялық ұстанымдағы бірнеше депутат та бар;
- Сайлауда дауыс беру әрбір азамат үшін міндет болып табылады. Сонан соң көзбояушылыққа жол берілмес үшін бюллетеньде әр сайлаушының құжаттық мәліметтері көрсетіледі;
- Кәсіподақ ұйымдарының жұмысы қатаң бақыланып отырады. Оған қоса, кәсіподақтың жетекшісі министр ретінде үкімет құрамына кіреді;
- Бес адамның жиналып митингі өткізуіне, ереуіл жасауға, оппозициялық фильмдер көрсетуге, спутниктік антенналар пайдалануға тыйым салынған. Елдің ішкі қауіпсіздігі туралы арнайы заң қабылданған. Ол бойынша билікке қарсы сөз айтқан кез келген адам үкіметке жала жабушы ретінде қамалады;
- Есірткі таратқандар, жемқорлар, қарашылық шабуыл жасағандар өлім жазасына кесіледі. Сондықтан да Сингапур өлім жазасы жөнінен жан басына шағып есептегенде дүние жүзінде алдыңғы орында.

5. Қолайлы халықаралық жағдай.

Инвестициялық ахуалы өте жақсы, бәсекелесу деңгейі өте жоғары, экономикалық бостандығы жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатардағы елдердің тізімінде. Жергілікті халқы білікті, білімді, тәртіпті, тәрбиелі болады. Халықтың дәулетті соңғы уақытта жоғарылай түскен.

